- D. қанның онкотикалық қысымының жоғарылауы
- E. веналық қысымының жоғарылауы

15. Бауырлық ісінулердің дамуында ... жетекші рөлді атқарады.

- A. қанның онкотикалық қысымының төмендеуі
- B. қантамырлар қабырғасының өткізгіштігінің артуы
- C. қанның онкотикалық қысымының жоғарылауы
- D. лимфа ағысының төмендеуі
- E. қанның веналық қысымының жоғарылауы

16. ... ісінудің қорғану-бейімделу қасиеті болып табылады.

- A. Қанды уытты заттардан тазарту
- B. Жүйке талшықтарын қысу
- C. Қоректенуді бұзу
- D. Ұлпаны зақымдау
- E. Токсиндерді аккомодациялау

17. Сусыздану кезінде ... байқалады.

- A. қанның қоюлануы
- B. қанның онкотикалық қысымының төмендеуі
- C. орталық веналық қысымның жоғарылауы
- D. артериялық қысымның жоғарылауы
- E. айналымдағы қан көлемінің көбеюі

18. Гиперкалиемия ... кезінде байқалады.

- A. тіннің күшті ыдырауы
- B. алкалоз
- C. альдестеронның артық өндірілуі

- D. вазопрессинның артық өндірілуі
E. СТГ-ның жетіспеушілігі
- 19. Гипернатриемия ... артық секрециясы кезінде пайда болады.**
- A. альдостеронның
B. тиреоидты гормондардың
C. жыныс гормондарының
D. натрийурездік гормонның
E. антидиурездік гормонның
- 20. Гиперкальциемия ... дамиды.**
- A. паратгормонның гиперсекрециясында
B. вазопрессиннің гиперсекрециясында
C. алкалоз кезінде
D. альдестеронның гиперсекрециясында
E. кальцитониннің гиперсекрециясында
- 21. Алиментарлық гиперлипидемияның патогенезі ... байланысты.**
- A. аспен майдың артық түсуімен
B. қордан майдың артық шығуымен
C. қаннан майдың тінге өтуінің бөгелуімен
D. қанда липопротеидлипазаның төмен белсенділікпен
E. гипоальбуминемиямен
- 22. Кетондық денелер ... түзіледі.**
- A. бауырда
B. өкпеде
C. ішекте
D. бүйректе
E. бұлшық еттерде
- 23. Экзогендік-конституциялық семіру ... пайда болады.**
- A. тағамды дағдылы артық ішкенде
B. гиперинсулинизм кезінде
C. гипотиреоз кезінде
D. гипоталамуыстың вентромедиалдық ядросын зақымдағанда
E. гиперкортицизм кезінде
- 24.... антиатерогендік қасиеттері бар.**
- A. Хиломикрондардың
B. Төмен тығыздықты липопротеидтердің
C. Өте төмен тығыздықты липопротеидтердің
D. Жоғары тығыздықты липопротеидтердің
E. Аралық тығыздықты липопротеидтердің
- 25. ... атеросклероздың дамуына ықпал етеді.**
- A. Тағамда жануар майының көп болуы
B. Тағамда өсімдік майының көп болуы
C. Тағам құрамында клетчатканың басым болуы
D. Көкөністер
E. Жемістер
- 26. Атерогенді липопротеидтерге ... жатады.**
- A. төмен тығыздықты липопротеидтер

- В. өте төмен тығыздықты липопротеидтер
 С. жоғары тығыздықты липопротеидтер
 D. хиломикрондар
 E. аралық тығыздықты липопротеидтер
- 27. ... атеросклероздың дамуына әсер ететін фактор болып табылады.**
- A. Гипохолестеринемия
 B. Гиполипидемия
 C. Гиперхолестеринемия
 D. Атерогенездің тежелуі
 E. Гипогликемия
- 28.С гиповитаминоздың көріністеріне ... жатады.**
- A. ксерофтальмия
 B. геморрагиялық диатез
 C. гемерлопия
 D. полиневриттер
 E. кальциноз
- 29. Теңгерілген ацидозбен алкалозға сәйкес рН мәні**
- A. 7,45 - 7,5
 B. 7,35 - 7,45
 C. 7,0 - 8,0
 D. 7,0 - 7,4
 E. 7,2 - 7,8
- 30. Газдық ацидоздың негізінде... жатады.**
- A. организмде көмір қышқылының жиналуы
 B. минералдық қышқылдармен улану
 C. ұшпайтын қышқылдардың жиналуы
 D. организмнен CO₂ артық шығарылуы
 E. қанда негіздердің артықтығы
- 31. Газдық алкалозды ... дамытады.**
- A. өкпе гиповентиляциясы
 B. өкпе гипервентиляциясы
 C. қанайналым жеткіліксіздігі
 D. гиперкапния
 E. ауада көміртегі тотығының мөлшерінің артуы
- 32. ...газсыз ацидоздың себебі болып табылады.**
- A. Токтаусыз іш өту
 B. Натрий биокарбонатпен улану
 C. Жиі көп құсу
 D. Энцефалиттегі ентігу
 E. Бүйрек үсті безінің стероидты гормондарының гиперсекрециясы
- 33.Толассыз құсу кезінде асқазан сөлін көп мөлшерде жоғалту ... әкелу мүмкін.**
- A. экскрециялық алкалозға
 B. экскрециялық ацидозға
 C. газдық алкалозға
 D. экзогендік алкалозға
 E. экзогендік ацидозға

34. Артериялық қанның рН көрсеткішінің 7,49 болуы ... тән.

- A. теңгерілмеген алкалозға
- B. теңгерілген ацидозға
- C. теңгерілген алкалозға
- D. газдық емес ацидозға
- E. газдық ацидозға

35. Тағаммен бірге ұзақ мерзімде қышқылдарды пайдалану ... дамуына алып келеді.

- A. эндогендік ацидоздың
- B. экзогендік ацидоздың
- C. метаболизмдік ацидоздың
- D. метаболизмдік алкалоздың
- E. газдық ацидоздың

36. Газдық алкалозға ... тән.

- A. гипокапния
- B. гиперкапния
- C. өкпе гиповентиляциясы
- D. өкпе гипервентиляциясы
- E. газдық ацидоз

37. Қызба кезіндегі химиялық термореттеу тетіктеріне ... жатады.

конвекцияның төмендеуі

- A. жылу шығарудың төмендеуі
- B. жылу шығарудың өзгермеген жағдайда жылу өндірілуінің жоғарылауы
- C. жылу өндірілуінің төмендеуі
- D. жылу өндірілуінің жоғарылауы

38. Қызба ... болып табылады.

- A. дерттік серпіліс
- B. дерттік жағдай
- C. біртектес дерттік үдеріс
- D. ауру асқынуы
- E. ауру

39. Эндогендік пирогендер ... пайда болады.

- A. эритроциттерде
- B. тромбоциттерде
- C. паренхиматоздық жасушаларда
- D. лейкоциттерде
- E. гепатоциттерде

40. Лейкоциттік пирогендер ... әсер етеді.

- A. термосезімтал шеткі рецепторларға
- B. жүйке өткізгіштік жолдарына
- C. жұлын-қыртыс жолдарына
- D. жұлын миының мотонейрондарына
- E. гипоталамустың преоптикалық аймағынын нейрондарына

41. Қызбаның бірінші сатысында температураның тез көтерілуі ... қабаттасады.

- A. терлеудің күшеюімен
- B. терінің қызаруымен
- C. тахипноэмен

D. қан қысымының төмендеуімен

E. бұлшық ет дірілі және қалтыраумен

42. Қызбаның бірінші сатысында жылу ... байқалады.

A. шығарудың өзгермеумен, жылу өндірудің күшеюі

B. шығарудың азаюы мен жылу өндірудің күшеюі

C. өндірудің азаю мен жылу шығарудың күшеюі

D. өндіру мен жылу шығарудың күшеюі

E. өндіру мен жылу шығарудың азаюы

43. Қызбаның үшінші сатысында жылу шығарудың жоғарылауы ... байланысты.

A. тер бөлінудің күшеюімен

B. тер бөліну үдерістерінің басылуымен

C. зат алмасуының күшеюімен

D. вазоконстрикциямен

E. артериялық қысымның жоғарылауымен

44. Қызбадағы дене температурасының кризистік түсуі ... қауіпті.

A. асқазан ішек жолының күшеюімен

B. гипергидратация дамуымен

C. жүрек жиырылуының жиілеуімен

D. коллапс дамуымен

E. қан қысымының артуымен

45. Қызба кезінде ... көтерілген температура субфебрильдік деп аталады.

A. 37-38 градусқа дейін

B. 38-39градусқа дейін

C. 39-41 градусқа дейін

D. 41 градустан жоғары

E. 42 градустан жоғары

46. Дене температурасы 1 градусқа көтерілгенде жүрек жиырылу жиілігі минутына ... рет артады.

A. 18-20

B. 50-60

C. 30-40

D. 6-7

E. 8-10

47. ... қызбаның жағымсыз әсері болып табылады.

A. Антиденелер түзілуінің жоғарылауы

B. Интерферон түзілуінің жоғарылауы

C. Микробтардың өсіп-өнуінің төмендеуі

D. Фагоцитоздың әсерленуі

E. Энергия қорының азаюы

48. ... қызбаның оң әсеріне жатады.

A. Фагоцитоздың күшеюі

B. Бауырдың антитоксикалық қызметтерінің төмендеуі

C. Антидене синтезін басуы

D. Фибробластардың көбеюін күшейтуі

E. Катаболизмдік үрдістерді күшейтуі

49. Қызба кезіндегі физикалық термореттеу тетіктеріне ... жатады.

A. жылуды сыртқа шығарудың төмендеуі

B. жылуды сыртқа шығарудың жоғарылауы

- С. жылу өндірілуі мен жылу шығарудың жоғарылауы
 D. жылу шығарудың өзгерусіз жылу өндірілуінің жоғарылауы
 E. жылу өндірілуінің төмендеуі және жылу шығарудың жоғарылауы

50. Тер бөлінудің күшеюі ... байқалады.

- A. қызбаның 1-ші кезеңінде
 B. қызбаның 2-ші кезеңінде
 C. қызбаның 3-ші кезеңінде
 D. шамадан тыс жылулық әсері кезінде
 E. шамадан тыс мұздаудың әсерінен

51. Эндогендік пирогендер түзушілер ... болып табылады.

- A. макрофагтар
 B. мес жасушалар
 C. плазмалық жасушалар
 D. тромбоциттер
 E. эритроциттер

52. ... артериялық гиперемияның негізі тізбегі болып табылады.

- A. Артериолалардың кеңеюі және қан ағып келуінің жоғарылауы
 B. Қан келуінің азаюы
 C. Қан ағып кетуінің қиындауы
 D. Қан ағымының сызықтық жылдамдығының жоғарылауы
 E. Қызмет атқаратын капиллярлар санының көбеюі

53. ... артериялық гиперемияның белгісі болып табылады.

- A. Веналық қысымның жоғарылауы
 B. Қан ағу жылдамдығының баяулауы
 C. Ұлпа көгеруі
 D. Ұлпа көлемінің кішіреюі
 E. Ұлпа температурасының жоғарылауы

54. Артериялық гиперемия кезінде ... байқалады.

- A. ағзаның тепературасының төмендеуі
 B. тін бөліктерінің көгеруі
 C. тін бөліктерінің қызаруы
 D. тін бөліктерінің температурасының төмендеуі
 E. тін тығыздығының төмендеуі

55. ... веналық гиперемияның себебі болып табылады.

- A. Веналардың өспемен басылып қалуы
 B. Ангиоспазм
 C. Әкелуші артерия саңылауының тромбпен бітелуі
 D. Әкелуші артерияның қысылып қалуы
 E. Ұлпа жұмысының күшеюі

56. Веналық гиперемияның негізінде ... жатады.

- A. қан кетуінің төмендеуі
 B. артериялардың склероздық өзгерісі
 C. артериялардың рефлекстік кеңеюі
 D. қан келуінің ұлғаюы
 E. айналымдағы қан көлемінің ұлғаюы

57. ... ишемия дамуының себебі болып табылады.

- A. Ангиоспазм
 B. Веналардың өспемен қысылуы

- C. Веналардың тромбпен бітелуі
D. Тамыр тарылтқыш жүйкелердің зақымдануы
E. Ұлпалардың қызметінің артуы
- 58. ... ишемияның белгісі болып табылады.**
- A. Ауырсыну
B. Қан ағысы жылдамдығының артуы
C. Тіннің көгеруі
D. Тіннің температурасы көтерілуі
E. Ұсақ тамырлардың соғуы
- 59. ... жанама қанайналымның шынайы жеткілікті мөлшері болады.**
- A. Бұлшық еттерде
B. Көк бауырда
C. Жүректе
D. Бүйректе
E. Бас миында
- 60. Артериядағы тромб ... дамытуы мүмкін.**
- A. артериялық гиперемияны
B. веналық гиперемияны
C. ишемияны
D. қан ағып кетудің төмендеуін
E. нағыз капиллярлық стазды
- 61. Венадағы тромб ... дамытуы мүмкін.**
- A. веналық гиперемияны
B. қан ағып кетудің төмендеуін
C. артериялық гиперемияны
D. ишемияның туындауы
E. нағыз капиллярлық стазды
- 62. ... эндогендік эмболияның жиі себебі болып табылады.**
- A. Бөгде зат
B. Май тамшылары
C. Өспе жасушалары
D. Үзілген тромб
E. Ірі қантамырлар зақымдануының нәтижесінде ауа кіру
- 62. Веналық гиперемия – бұл ...**
- A. қанның ағып кетуінің қиындауынан тіннің қанға толуының ұлғаюы
B. қан ағып келуінің күшеюінен тіннің қанға толуының ұлғаюы
C. қанның ағып келуі азаюынан тіннің қанға толуының азаюы
D. қылтамырларда жергілікті қанайналымның тоқтауының азаюы
E. қан айналымында бөгде заттардың болуының азаюы
- 64. ... веналық гиперемияға тән болып табылады.**
- A. Тіннің көгеруі
B. Тіннің көлемінің кішіреюі
C. Тіннің қызаруы
D. Тіннің қызуының жоғарылауы
E. Цианоз және ісінулер
- 65. ... артериялық және веналық гиперемияларға ортақ болып табылады.**
- A. Ағзаның қанға толуының ұлғаюы
B. Тін бөлігінің көгеруі

- С. Тін тургорының төмендеуі
 D. Тін бөлігінің қызуының төмендеуі
 E. Тіннің қызуының жоғарылуы
- 66. ... обтурациялық ишемияның себебі болуы мүмкін.**
 A. Артериялық қантамырдың эмболиясы
 B. Қан ағысының күшеюі
 C. Қан тамырының оспемен қысылуы
 D. Тамыр тарылтқыш жүйкелердің зақымдалуы
 E. Ұлпаның қызметінің күшеюі
- 67. ... ишемияға тән.**
 A. Тіннің бозаруы
 B. Тіннің қызуының жоғарылауы
 C. Қан ағысының күшеюі
 D. Тіннің көгеруі
 E. Майда тамырлардың пульсациясы
- 68. Жанама қантамырлардың функциональды жеткіліксіздігімен сипатталатын ағзаларға ... жатқызуға болады.**
 A. бас миы, жүрек
 B. бауыр
 C. бүйрек
 D. бұлшық еттер
 E. көкбауыр
- 69. Стаз – бұл**
 A. қылтамырларда жергілікті қанайналымның тоқтауы
 B. ағзадан қан ағып кетуінің азаюы
 C. ағзаға қан ағып келуінің азаюы
 D. ағзаға қан ағып келуінің күшеюі
 E. қан айналымында бөгде заттардың болуы
- 70. ... артерия тромбозының салдары болып табылады.**
 A. Артериялық гиперемия
 B. Веналық гиперемия
 C. Инфаркт
 D. Іркілулік стаз
 E. Қанның ағып кетуінің қиындауы
- 71. Қабынуды дамытатын ең жиі себепке ... факторлар жатады.**
 A. биологиялық
 B. химиялық
 C. физикалық
 D. механикалық
 E. термиялық
- 72. Қабынудың компоненттері – бұл**
 A. альтерация, экссудация және пролиферация
 B. артериялық гиперемия, веналық гиперемия және стаз
 C. ацидоз, гиперосмия және гиперонкия
 D. домбығу, қызару, қызметтің бұзылуы, ауырсыну және қызуы
 E. лейкоцитоз, ЭТЖ жоғарылауы және дене қызуының жоғарылауы
- 73. ... қабынудың бірінші сатысы болып табылады.**
 A. Альтерация

В. Лейкоциттердің эмиграциясы

С. Фагоцитоз

Д. Экссудация

Е. Пролиферация

74. Қабынудағы біріншілік альтерацияны ... дамытады.

А. қабыну медиаторлары

В. қабыну ошағында зат алмасу бұзылуы

С. қабыну ошағындағы физика-химиялық өзгерістері

Д. микроциркуляция бұзылуы

Е. флогогеннің зақымдаушы әсері

75. ... қабынудағы жергілікті ацидоздың патогенездік ықпалы болып табылады.

А. Зат алмасудың тотықпаған өнімдерінің жиналуы

В. Артериялық гиперемия

С. Тамыр өткізгіштігінің бұзылуы

Д. Лейкоциттер эмиграциясы

Е. Транссудация

76. ... қабыну ошағында гистаминді түзеді.

А. Лаброциттер

В. Ұлпалық жасушалар

С. Нейтрофилдер

Д. Лимфоциттер

Е. Моноциттер

77. Қабыну ошағындағы қанайналымы өзгерістерінің бірізділігі –

А. артериялық гиперемия, веналық гиперемия, ишемия, стаз

В. артериялық гиперемия, стаз, ишемия, веналық гиперемия

С. ишемия, артериялық гиперемия, веналық гиперемия, стаз

Д. ишемия, артериялық гиперемия, стаз, веналық гиперемия

Е. ишемия, веналық гиперемия, артериялық гиперемия, стаз

78. Қабыну кезінде қанайналым бұзылыстарының ең қысқа сатысы ... болып табылады.

А. артериялық гиперемия

В. веналық гиперемия

С. ишемия

Д. қанағымның жергілікті тоқтауы

Е. стаз

79. Қабыну кезінде қанайналым бұзылыстарының ең ұзақ сатысы ... болып табылады.

А. артериоланың жиырылуы

В. артериялық гиперемия

С. веналық гиперемия

Д. венуланың жиырылуы

Е. қан ағысының жергілікті тоқтауы

80. ... экссудация үрдісіне жәрдемдеседі.

А. Капиллярлардың өткізгіштігінің жоғарылауы

В. Капиллярлардың өткізгіштігінің төмендеуі

С. Қабыну ошағында осмостық қысымның төмендеуі

Д. Қанның онкотикалық қысымының жоғарылауы

Е. Қылтамырларда гидродинамикалық қысымының төмендеуі

81. Қабыну кезінде стафилококтар мен стрептококтар туындататын экссудатты түрі ... деп аталады.

- A. іріңді
- B. аралас
- C. қандық
- D. сероздық
- E. фибриндік

82. Қабынудың жергілікті көрінісі болып .. табылады.

- A. ауырсыну, қызару, қызу, ағза қызметінің бұзылуы
- B. бас ауру, ұйқы бұзылуы, тәбеттің төмендеуі
- C. қызба, лейкоцитоз, ЭТЖ жылдамдауы
- D. миалгия, оссалгия
- E. гипоальбуминемия, гипергаммаглобулинемия

83. Қабынудағы қызару белгісінің латынша атауы -

- A. dolor
- B. functio laesa
- C. rubor
- D. tumor
- E. calor

84. Қабынуда жергілікті қызу көтерілуінің патогенездік факторы болып ... табылады.

- A. артериялық гиперемия
- B. веналық гиперемия
- C. ишемия
- D. стаз
- E. эмболия

85. Қабыну ошағындағы қызару ... байланысты.

- A. физикалық-химиялық өзгерістерімен
- B. ишемиямен
- C. зат алмасудың күшеюімен
- D. веналық гиперемиямен
- E. артериялық гиперемиямен

86. Қабыну медиаторларының негізгі әсеріне ... жатады.

- A. қан-тамырлар өткізгіштіктігін жоғарылату
- B. лейкоциттердің эмиграциясы
- C. хемотаксис
- D. фагоцитоз
- E. лейкоциттердің маргинациясы

87. Іріңді қабыну кезінде ... лейкоцитоз байқалады.

- A. нейтрофилді
- B. базофилді
- C. эозинофилді
- D. моноциттік
- E. лимфоциттік

88. ... қабыну ошағына бірінші болып келеді.

- A. Эозинофилдер
- B. Нейтрофилдер
- C. Моноциттер

D. Лимфоциттер

E. Базофилдер

89. Эритроциттердің қантамырлардан шығуы ... деп аталады.

A. диапедез

B. эмиграция

C. экссудация

D. маргинация

E. хемотаксис

90. ... қабынудың жалпы көрінісі болып табылады.

A. Ісінудің салдарынан домбығу

B. Уыттану

C. Қызаруы

D. Ауырсынуы

E. Ағзаның қызметтің бұзылуы

91. ... «аллергия» ұғымын алғаш рет ұсынды.

A. К. Пирке

B. А.М. Безредка

C. Джелл мен Кумбс

D. А.Д. Адо

E. И.И. Мечников

92. Аллергия – бұл

A. өз ұлпаларын зақымдаумен сипатталатын ағзаның иммундық серпілісі

B. аллергиялық қасиеті бар заттарға ағзаның иммундық серпілісі

C. аллергиялық ағзаның өзгерген сезімталдығы

D. аллергиялық ағзаның жоғары сезімталдығы

E. аллергиялық енуіне ағзаның бұрмаланған серпілісі

93. Аллергиялық ауру – бұл

A. тек аллергиялық әсер еткен кезде дамиды ауру

B. тұқым қуалайтын ауру

C. тұқым қуалаушылыққа бейім ауру

D. гендік ауру

E. хромосомалық ауру

94. ... аллергиялық серпіліс кезінде, иммундық серпілеске қарағанда, байқалады.

A. Организм тіндерінің зақымдануы

B. Антидене түзілуі

C. В-лимфоциттердің плазмалық жасушаларға ауысуы

D. Антигеннің жойылуы

E. Макрофагтардың фагоцитоздық белсенділігінің артуы

95. Аллергияны шақыратын фактор ... деп аталады.

A. флогоген

B. пироген

C. онкоген

D. канцероген

E. аллергия

96. ... поллиноздар себебі болып табылады.

A. Дәнді дақылдар тозаңы

B. Майда кенелердің бөлінуі

C. Антибиотиктер

D. Тұрмыстық шаң

E. Саңырауқұлақтар споралары

97. ... жүре пайда болған аутоаллергендерге жатады.

A. Шәукет өзегі

B. Тін-микроб кешені

C. Қалқанша без коллоиді

D. Көз бұршағы

E. Бас миы тіні

98. Гаптендер антигендік қасиетін ... кейін қабылдайды.

A. организм нәруыздарымен кездескеннен

B. өт қышқылдарымен байланысқаннан

C. иммунокомпетентті жасушаларға әсер еткеннен

D. күкірт қышқылымен бос байланыс түзгеннен

E. макрофагпен қосымша әсерлескеннен

99. Джелл мен Кумбс бойынша жіктелудің негізінде аллергиялық серпілістердің ... жатады.

A. этиологиясы

B. патогенезі

C. клиникалық көріністерінің сипаты

D. клиникалық көрінісінің пайда болу уақыты

E. ауырлық дәрежесі

100. ... аллергиялық серпілістердің иммундық сатысының негізінде жатады.

A. Сезімталдығы жоғары Т-лимфоциттер, антиденелер түзілуі

B. Аллергиялық медиаторлардың түзілуі

C. Аллергиялық медиаторлардың әсеріне Т-лимфоциттердің түзілуі

D. Антидененің көбеюі

E. Антидене титрі азаюы

101. Аллергиялық серпілістердің патохимиялық сатысы ... сипатталады.

A. тамыр кемері өткізгіштігінің жоғарылауымен

B. салалы бұлшық ет жиырылуымен

C. микроциркуляция бұзылуымен

D. иммундық кешендер түзілуімен

E. аллергиялық медиаторлардың босауымен

102. Аллергиялық серпілістердің патофизиологиялық сатысы ... сипатталады.

A. ағзалар мен тіндер құрылымының және қызметінің бұзылыстарымен

B. биологиялық белсенді заттардың әсерленуімен

C. иммундық кешендер түзілуімен

D. антидене түзілуімен

E. сезімталдығы жоғарылаған лимфоциттердің түзілуімен

103. Организмнің сенсбилизациясы ... дамиды.

A. аллергия алғаш түсуі кезінде

B. анафилаксиялық сілеймеден кейін

C. аллергиямен иммунотерапиядан кейін

D. анафилактогенді қайтадан ендірген кезде

E. аллергияның шешуші мөлшерлерін ендіргеннен кейін

104. Енжар сенсбилизациясы ... кезінде дамиды.

A. организмге гаптен түсу

B. нәруыздық заттарды көк тамырға енгізу

C. меншікті тіндер зақымдану

D. арнайы антидене немесе сезімталдығы жоғарылаған Т-лимфоцит енгізу

E. аллергиянді қайталап енгізу

105. Аллергиялық серпілістің реакинді түрінің дамуына ... класы иммуноглобулиндер қатысады.

A. E

B. M

C. A

D. C

E. D

106. Аллергиялық әсерленістің реакиндік түрінің патогенезінде көрсетілмеген соңғы тізбегі болып иммуноглобулин ... табылады.

A. E

B. D

C. M

D. A

E. G₁

107. Сыртқы ортада оттегінің парциалдық қысымының төмендеуінен болатын гипоксия ... деп аталады.

A. эндогендік

B. экзогендік

C. тіндік

D. қан айналымдық

E. гемдік

108. Артериялық қандағы pO₂ 70 мм.с.б.б., ал pCO₂ 58 мм с.б.б. көрсеткіштері гипоксияның ... түріне тән.

A. тыныстық

B. тіндік

C. экзогендік гипобариялық

D. қан айналымдық

E. гемдік

109. ... гипоксия қан жүйесінің бұзылулары салдарларынан дамиды.

A. Гемдік

B. Экзогендік

C. Қан айналымдылық

D. Тіндік

E. Ишемиялық

110. Көміртегі тотығымен улану ... гипоксияның дамуына әкеледі.

A. экзогендік

B. тыныстық

C. тіндік

D. қан айналымдық

E. гемдік

111. Көміртегі тотығымен улану ... түзілуіне әкеледі.

A. карбоксигемоглобин

B. дезоксигемоглобин

C. метгемоглобин

D. сульфгемоглобин

Е. карбгемоглобин

112. Тіннің инфильтрациялық өсуі ... кезінде байқалады.

- A. қатерлі өспе
- B. қатерсіз өспе
- C. гиперплазия
- D. гипертрофия
- E. регенерация

113. Өспе жасушаларының метастаздануы ... сатысында жүреді.

- A. синканцерогенез
- B. промоция
- C. проканцерогенез
- D. прогрессия
- E. инициация

114. ... өспеге қарсы иммунитетте негізгі рөл атқарады.

- A. Табиғи киллерлер
- B. Хелперлер
- C. Супрессорлар
- D. Интерлейкиндер
- E. Простагландиндер

115. Өспелік кахексия ... сипатталады.

- A. организмнің қатты жүдеуімен
- B. дене салмағының артуымен
- C. гиперорексиямен
- D. бұлшық еттердің салмағының артуымен
- E. миокард салмағының артуымен

116. Канцерогенездің екінші сатысы ... деп аталады.

- A. синканцерогенез
- B. промоция
- C. проканцерогенез
- D. коканцерогенез
- E. инициация

117. Анемия кезіндегі ретикулоцитоз ... көрсетеді.

- A. эритроциттердің пішінінің өзгеруін
- B. эритроциттердің диаметрінің өзгеруін
- C. сүйек кемігінің қызметінің жоғарылауын
- D. қан түзілудің мегалобластық түрін
- E. гипер- немесе гипохромды эритроциттердің пайда болуын

118. Созылмалы қансырау ... анемиясының дамуына әкеледі.

- A. темір тапшылықты
- B. В₁₂-тапшылықты
- C. гемолиздік
- D. апластикалық
- E. микросфероцитарлық

119. Бір рет көлемді қан жоғалтқан кезде ... анемия пайда болады.

- A. темір тапшылықты
- B. жіті постгеморрагиялық
- C. жіті гемолиздік
- D. жіті аплазиялық

Е. В₁₂-тапшылықты

120. Гемолиттік анемия үшін ... тән болып табылады.

- A. эритроциттердің өмір ұзақтығының қысқаруы
- B. қызыл сүйек кемігінде май дамуы
- C. мегалобластық қан түзу
- D. организмде темір тапшылығы
- E. эритроциттердің осмостық резистенттілігінің жоғарылауы

121. Темір тапшылықты анемия ... сипатталады.

- A. ретикулоцитозбен
- B. мегалобластық қан түзумен
- C. гипохромиямен
- D. гипербилирубинемиямен
- E. гемосидерозбен

122. Лейкемиялық «үңгір» – бұл лейкоциттердің

- A. формулада миелобластар санының жоғарылауы
- B. формулада базофилдер мен эозинофилдердің болмауы
- C. лейкоциттердің бластық түрлерінің болмауы
- D. жетілген формаларының көбеюі
- E. бластық және жетілген түрлерінің болуы, аралық түрлерінің болмауы

123. Қанда бластық жасушаларының көп болуы ... тән.

- A. жіті лейкозға
- B. созылмалы лейкозға
- C. лейкоцитозға
- D. лейкопенияға
- E. лейкомоидты серпіліске

124. Лейкоздағы геморрагиялық синдром ... сипатталады.

- A. тромбоцитопениямен
- B. эритроцитопениямен
- C. эритроциттердің гемолизімен
- D. лейкопениямен
- E. антиромбиннің жеткіліксіздігімен

125. Жіті лимфолейкоз кезінде қанда ... пайда болуы тән.

- A. полихроматофилді нормоциттер
- B. нормобласттар
- C. монобласттар
- D. миелобласттар
- E. лимфобласттар

126. Геморрагиялық диатез ... көрінеді.

- A. қайта қансыраумен
- B. тромбозбен
- C. сладж-феноменімен
- D. тромбозбен
- E. ТҚШҰ-синдромымен

127. Қауырт оңқарыншалық жеткіліксіздігінің себептеріне ... жатады.

- A. өкпе артериясының стенозы
- B. митралды стеноз
- C. митралды қақпақшаның жеткіліксіздігі
- D. аортаның стенозы

Е. аортаның жеткіліксіздігі

128. Сол қарыншалық жеткіліксіздіктің себептеріне ... жатады.

А. митралды қақпақшаның жеткіліксіздігі

В. өкпе артериясының тарылуы

С. үшжарғақы қақпақшаның жеткіліксіздігі

Д. оң қарыншаның инфаркті

Е. өкпе патологиясы

129. Сол қарыншалық жеткіліксіздіктің белгілеріне ... жатады.

А. тұншығу ұстамасы

В. мойын тамырларының соғуы

С. көгеру

Д. бауырдың ұлғаюы

Е. аяқтардың ісінуі

130. Жүрек жеткіліксіздігінің зорығулы түрі ... дамиды.

А. гипертрофияда

В. миокард ишемиясында

С. миокардиттерде

Д. экстрасистолияда

Е. миокард дистрофиясында

131. В деген пациентке медициналық көрсеткіш бойынша қан құю қажет. Гемо трансфузия кезінде қандай жағдайда резус сәйкессіздік туындайды?

А. донор мен реципиенттің Rh- факторы бірдей болғанда

В. донор қаны Rh(+), реципиентте Rh(+)

С. донор қаны Rh(+), реципиентте Rh(-)

Д. донор қаны Rh(-), реципиентте Rh(+)

Е. донор қаны Rh(-), реципиентте Rh(-)

132. Қан тобын анықтау кезінде, эритроциттердің агглютинациясы цоликлон- анти – В-ның көмегімен болымсыздығы (теріс) цоликлон анти – А-ның көмегімен анықталады. Резус-факторды анти – D-мен анықтаған кезде агглютинацияның болуын көрсетті. Зерттелінетін қан тобы ... жатады.

А. III(B) тобынаRh(+)

В. I(O) тобынаRh(+)

С. II(A) тобынаRh(+)

Д. II(A) тобынаRh(-)

Е. IV(AB) тобынаRh(+)

133. Ұзақ уақыт бойы көтеумен (геморрой) ауыратын науқаста қанмен бірге темірдің кетуінің әсерінен, ағзадағы темірдің жетіспеушілігі байқалады. Қызыл қанның қай көрсеткішіне темірдің жетіспеушілігі ең бірінші әсер етеді.

А. гемоглобиннің деңгейі

В. эритроциттердің мөлшері

С. гемокриттік сан

Д. эритропоэтиннің деңгейі

Е. эритроциттердің тұну жылдамдығы

134. Қан тобын және Rh анықтау негізінде, науқаста - II(A), Rh(+) екені анықталды.

Лабораториялық анализдің нәтижесін ескере отырып, науқасқа 150 мл II(A) қан тобы жәнеRh(+) қан құйылды. Қан құюдан 40 мин. өткен соң мынадай гемотрансфузиондық реакциялар туындады: қалтырау, тыныс алу мен пульстің жиіленуі, демігу, бас ауруы. Гемотрансфузиондық реакцияның себебі.

- A. реципиент қанының қан тобын анықтау кезіндегі қателік
- B. қансыраудың орнын толтыру үшін қан аз мөлшерде (150 мл) құйылды
- C. донор эритроциттері мен реципиент антиденелерінің агглютинациясы
- D. донор қанының көп мөлшері реципиент эритроциттерінің гемолизін туындатты
- E. донор және реципиент қандарының биологиялық сәйкессіздігі

135. Бронх демікпесі бар науқастан лейкоцит құрамының өзгерісі байқалды. Бұл аллергиялық аурудың шығуына күдік тудырды. Қан құрамындағы қандай өзгерістер осындай тұжырымдама жасауға негіз болды?

- A. базофил мөлшерінің ұлғаюы
- B. нейтрофил мөлшерінің азаюы
- C. эозинофил мөлшерінің ұлғаюы
- D. моноцит мөлшерінің ұлғаюы
- E. эозинофил мөлшерінің азаюы

136. 50 жастағы науқас С. диapedді қан құйылу, тамырлардың аса күйрегіштігіне шағымданады. Пациент қанының анализі:

Эритроциттер: $4,5 \cdot 10^{12}/л$

Лейкоциттер: $8,7 \cdot 10^9/л$

Тромбоциттер: $120 \cdot 10^9/л$

ҚТЖ: 8 мм/ сағ

Байқалатын симптомдар байланысты ...

- A. эритроциттер мөлшерінің көптігі – қанның қоюлануына
- B. тромбоцит деңгейінің төмендігі – тамыр қабырғасының қоректенуінің бұзылуына
- C. лейкоцит мөлшерінің көбеюі – ісіп қызару реакциясының басталуына
- D. ҚТЖ жоғарылауы – ісіп қызару реакциясының басталуына
- E. гемоглобин мөлшерінің төмендігі – гипоксияның көрінісіне

137. Адамға гипертониялық глюкоза ерітіндісін көктамыр ішіне енгізді. Бұл судың қозғалысындағы қандай өзгерістерге әкеледі?

- A. судың жасушааралық сұйықтықтан жасушаларға өтуіне
- B. судың жасушалардан жасушааралық сұйықтыққа өтуіне
- C. судың капиллярлардан жасушааралық сұйықтыққа өтуіне
- D. сұйықтықтың жасушааралық қаннан капиллярларға өтуіне
- E. сұйықтықтың жасушааралық лимфадан капиллярларға өтуіне

138. 32 жастағы дені сау әйел адамға қанның лабораториялық зерттеуі жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде гематокритті көрсетіштің мөлшері қандай деңгейде болуы керек?

- A. 28-35%
- B. 30-36%
- C. 36-38%
- D. 40-45%
- E. 48-50%

139. Зерттеу кезінде пациентте гемоглобин мөлшері 95 г/л, эритроцит мөлшерінің $2,5 \cdot 10^{12}/л$, түстік көрсеткіштің 1.0 екендігі анықталды. Осы зерттеу нәтижесін бағалаңыз және ол ненің дәлелі болуы мүмкін?

- A. гемоглобин мөлшерінің азаюы
- B. гипогемоглобинемия – эритроциттердің азаюы
- C. лейкоцитарлық формуланың солға ығысуы
- D. нормохромды анемия

Е. эритроцит мөлшерінің көбеюі

140. Жүктіліктің соңғы айында қан плазмасындағы фибриногеннің мөлшері қалыптан 2 есе көп болды. Бұл кезде эритроциттердің тұну жылдамдығының қандай көлемін күтуге болады?

- A. 0-5 мм/ сағ
- B. 10-15мм/ сағ
- C. 3-12мм/ сағ
- D. 40-50 мм/ сағ
- E. 5-10мм/ сағ

141. АВО жүйесі бойынша қан топтарын зерттегенде, агглютинация реакциясы 1,2 және 3 топтың стандартты сары суларында жүрді. Зерттеген қан қай топқа жатады?

- A. I (O)
- B. II (A I)
- C. II (A)
- D. III (B)
- E. IV (AB)

142. АВ IVRh(-) қан тобы бар науқасқа (науқас аты – Р.) қайтадан қан құю керек. 2 ай бұрын бұл науқасқа донордың қанын құйған (донор аты – К.). Неліктен осы жолы бұл пациентке К. донордың қанын құюға болмайды? Өйткені, иммундау қазірдің өзінде қалыптасты:

- A. К. донордың қан тобына
- B. АВО жүйесіне
- C. Резус жүйесіне
- D. АВО және резус жүйесіне
- E. 20 эритроциттер жүйесінің біреуіне

143. Акушерлік тәжірибеде резус сәйкессіздік туындайды, егер ...

- A. анасы мен баласының қаны түрлі топтікі, бірақ Rh-фактор бірдей
- B. анасында Rh(-), нәрестеде Rh(+), қан тобы әртүрлі
- C. анасында Rh(-), нәрестеде Rh(+), қан тобы бірдей
- D. анасында Rh(+), нәрестеде Rh(-), қан тобы бірдей
- E. анасында Rh(+), нәрестеде Rh(+), қан тобы әртүрлі

144. Ерлер мен әйелдердің қанындағы эритроциттердің санының әртүрлілігі ... түсіндіріледі.

- A. әртүрлі аталық жыныс гормондарының деңгейімен
- B. әртүрлі дене салмағымен
- C. әртүрлі эритропоэтиннің мөлшерімен
- D. көкбауырдың түрлі көлемімен
- E. сүйек майының түрлі көлемімен